# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAK-UNI.KZ

№54 (9127)

СЕНБІ
29 шілде, 2023 жыл


# «Ауыл-Ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға қатысты мәселелер қаралды

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауыл– Ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға қатысты мәселелер қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың баяндауынша 6295 ауылдық елді мекеннің ішінде ауыл тұрғындарының 93%-ын құрайтын даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл анықталған, оларды дамыту «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде басым бағыт ретінде жүзеге асырылып келеді.

Биыл оны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 198,2 млрд теңге бөлінді.

Үкімет басшысы 2019-2022 жылдары әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша мыңнан астам ауылда 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылғанын, сондай-ақ 33 мың жұмыс орны құрылғанын атап өтті.

Биыл 800 елді мекенде шамамен 2 мың жоба жүзеге асырылады.

Сонымен қатар «Ауыл – Ел бесігі» шеңберінде салынған объектілерді пайдалануға беру мерзімдерінің бұзылуы әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Премьер-министр бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және пайдалану, тендерлерді уақытында өткізбеу, тиісті бақылаудың болмауы объектілерді енгізу мерзімдерінің бұзылуына әкелетінін атап өтті.

«Өңірлерде қаражатты тиімді пайдалану өте маңызды. Бір ауданда бірнеше жоба іске асырылып, басқа ауданда бірде-бір жоба жүзеге асырылмайтын жағдайлар болмауы керек», деді Әлихан Смайылов.

Ол сондай-ақ Ауылдық аумақтарды дамытудың 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде «Ауыл–Ел бесігі» жобасы ауыл инфрақұрылымын жаңғырту бойынша негізгі құралдардың бірі болып белгіленгенін атап өтті.

Отырысты қорытындылай келе, Үкімет басшысы «Ауыл – Ел бесігі» жобаларын сапалы және уақытында іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды барынша қаржыландыру мәселесін пысықтау қажеттігін атап өтті. Премьер-министр ауылдық аумақтарды дамыту үшін жеке инвестицияларды тарту жұмысын жеделдетуді, Ұлттық экономика министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдарына және облыс әкімдіктеріне Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

***«Созақ үні»-ақпарат.***



# Президент Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Мемлекет басшысына қорғаныс ведомствосының биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстарының қорытындысы жөнінде баяндалды.

Президент–Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы кезеңдік өзгерістерге негізделген жауынгерлік даярлықтың жаңа форматын және командирлердің басқару қабілетін жетілдіру моделін енгізу жайында есепті тыңдады.

Сонымен қатар Руслан Жақсылықов Қасым-Жомарт Тоқаевқа территориялық қорғанысты нығайтуға қатысты қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Бұл бағыттағы жұмыстар заңнамалық және практикалық деңгейде жүргізіліп жатыр.

Президентке әрдайым жауынгерлік дайындықта болатын бөлімдерді қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықтау барысы, сондай-ақ отандық өндірістің мобильді және модульдік компоненттерге көшірілуі туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына Қарулы Күштердің бітімгерлік қызметі туралы арнайы баяндалды.

Кездесуде әскерге шақырылатын және мерзімді қызметін өтеген азаматтар туралы мәліметтерді цифрлық жүйеге көшіру шаралары жөнінде де айтылды. Ақпараттық жүйелердің жаңғыртылып, олардың басқа мемлекеттік органдардың дерекқорларымен біріктірілуі тіркеу, әскери есепке қою және әскери билеттерді беру қызметтерін электронды форматқа ауыстыруға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, Руслан Жақсылықов әскерге шақырылатын азаматтарға кредиттік демалыс беру, сондай-ақ білім алуға жеңілдіктер жасау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты. Бүгінде 2,5 мың сарбаздың несиесі кейінге шегерілді және әскери қызметін өтеген 1,5 мың жауынгерге жоғары оқу орындарында оқуға орын бөлінді.

Жыл басынан бері мерзімді әскери қызметін өтеп, запасқа шығарылған 700-ге жуық сарбаз жүргізуші, механик, машинист, слесарь, аспаз және басқа да еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алды.

Президент аталған бастамаларды, атап айтқанда Жоғары білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, білім алуға жеңілдік беретін квоталар бөлу, мерзімді әскери қызметін өтегендерге мемлекеттік білім гранттарын ұсыну, сондай-ақ олардың заңнамалық тұрғыда бекітілуін жалғастыру мәселесін назарға алды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындығын күшейту мәселесіне баса мән бере отырып, бірқатар тапсырма берді.

# Ел игілігі жолында бақылаудамыз

«AMANAT» партиясы халықтың игілігіне бағытталған ортақ іске бақылау жұмыстарын жүргізуде. Себебі кішкентай кемшілік өңірімізге үлкен зиян алып келуі мүмкін. Осы мақсатта Президентіміздің сайлау алды бағдарламасында көрсетілген, мақсаттар мен міндеттерді шешуде Созақ аудандық «AMANAT» партиясы филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы біршама жұмыстар атқарды. Соның бір айқын дәлелі ретінде халықтың келіп түскен өтініштері негізінде Шолаққорған-Созақ-Ыбырай бағытындағы автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу және ауданда жаңадан салынып жатқан мектеп құрылысы жұмыстарына, «AMANAT» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев және Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың қатысуымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында Ыбырай-Созақ бағытындағы автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарының өндірістік жұмыс кестесінен кешіріктріліп жатқаны және Сызған-Қайнар бағыты жолындағы автомобиль қозғалысының қауіпсіздігін барынша сақтау үшін және жүргізушілерге жол бойының төңірегі жақсы көріну үшін, «AMANAT» партиясы аудандық филиалдың қабылдау бөлмесіне ауыл тұрғындарынан келіп түскен өтініш бойынша байырғы табиғи қыраттың төмен түсіру туралы мердігер мекемеге өтініш жасалып, бүгінгі таңда мердігер мекеме тарапынан қосымша жұмыс жүргізіліп төбенің денгейі 1,5 метрге дейін сырылып, төмен түсірілгені анықталды. Нәтижесінде қарсы бағыттағы көліктерді көру мүмкіндігі молайды.

Құмкент-Шолаққорған бағытындағы облысаралық жол бойынша Құмкент ауылының бір топ тұрғындарының қатысуларымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында 2022 жылдың аяғында жүргізілген орташа жөндеу жұмыстары бойынша, жол бөлігінде сапасыз төселген асфальт төсемдері кейбір жерлері қайта қырылып, жаңадан асфальт жолдары салынғаны, жол трассасы бойында пайда болған ойшұңқырларға жамау жұмыстарының атқарылып жатқаны анықталды. Бақылау комиссиясының анықтаған кемшіліктері бойынша сапасыз төселген асфальт жолдарды түгелімен қырылып, қайтадан жаңа асфальт жол төсеу керектігі жөнінде ұсыныстары назарға алынып, бүгінгі таңда тиісті жұмыстар ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, Созақ ауылы Ыбырай елді мекеніндегі 200 орындық Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің құрылысына да зерделеу жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысыдна, құрылыс нысанын жүргізіп отырған «Қаратау ЛТД» ЖШС мекемесі тарапына белгіленген жұмыс кестесінен кешігуі және еңбек күшінің (жұмысшылардың) аз болуы және ғимаратты белгіленген мерзімге (2023 жылдың желтоқсан айна дейін) тапсыра алмау қаупі бар екендігі анықталды. Жаңа ғимараттың алдына оқушылар кіріп-шығатын есік алдында жоба бойынша белгіленген су жинайтын мұнара құрылысын аудандық партия филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы тарапынан оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында су жинайтын мұнараны жобадағы көрсетілген орнынан басқа қауіпсіз жерге орналастыру ұсынылды.Мердігер мекеме тарапынан аталған ұсынысқа қолдау көрсетіп, қауіпсіз жерге ауыстыру жұмыстарын жүргізетіндігіне келісім берілді.Сонымен қатар, Созақ ауылындағы ашық спорт алаңы құрылысы бойынша аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасы Берік Мыңжанұлы және Созақ аудан әкімдігінің құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Жалғас Сыздықұлы және құрылыс нысанын жүргізуші «ГрадСтройСервис» ЖШС өкілінің қатысуымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында «ГрадСтройСервис» ЖШС-ы тарапынан құрылыс жұмыстарының белгіленген кестеге сай жүргізілгендігі, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының сапалы және еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп отырғандығы байқалды. Осы қарқынмен сапалы әрі талапқа сай қылып спорт алаңшаны бітіру жөнінде ұсыныстар айтылды.Алдағы уақытта аталған құрылыс нысандарына бақылау жұмыстары жүргізілетіндігі және ауыл тұрғындарының бақылау посттарының ұсыныс пікірлері назарда болатындығы басты мақсатымыз деп білеміз.

***Т.АБУОВ,***
***Созақ аудандық Партиялық бақылау комиссиясының мүшесі.***

## ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАҒА КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯ ОРНАТУ ЖОСПАРЛАНУДА

Биылғы жылы аудандық орталық ауруханаға компютерлік томография орнату жоспарлануда. Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудандық орталық ауруханада болып, жұмысымен танысты. Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Болат Нұсқабаев компьютерлік томографияны орна-



ластыруға арнайы дайындалған орынды таныстырып, жасалып жатқан ішкі жұмыстарын көрсетті.

-Аудан аумағындағы елді мекендер шалғай орналасқандықтан тұрғындарға кейбір қызмет түрлерін пайдалану үшін қалаға қатынау қолайсыздық тудыруда. Сол үшін аудан орталығынан компьютерлік томография ашу ісін тезірек аяқтау керек. Біздің міндет халыққа қажетті жағдай жасау,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы жылу жүйесіне қатысты атқарылып жатқан шараларды да назарға алды.

Аурхананың жылу орталығында болып, бас дәрігер Болат Нұсқабаевқа жылу жүйесіне техникалық тексеру жұмыстарын толыққанды жүргізіп, орын алған осал тұстарын жою үшін жұмысты жіті ұйымдастыру қажеттігін айтты.

## ЖУАНТӨБЕ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӨЗ КӘСІБІН АШЫП, НӘСІБІН ҰЛҒАЙТУДА

Жуантөбе ауылының тұрғыны, 49 жастағы Аманқыз Орынбасарқызы 2018 жылдан бастап нан жабу ісін қолға алған. Уақыт өте келе самса, қаттама, бәліш т.б тәтті нан өнімдері түрлерін шығара бастады. Бүгінгі таңда фасфуд өнімдерін де қолға алып, нәсібін ұлғайтуда.



- "Ас атасы – нан" демекші, бар берекенің бастауын осы кәсіппен айналысқалы көріп келем. Жалпы өзім үй шаруасындағы анамын. Ең алғаш кәсібімді 2018 жылы нан жабу ісімен бастадым. Уақыт өте келе самса, қаттама, бәліш т.б тәтті нан өнімдері түрлерін шығарып, жұмысыма деген қызығушылығым арта түсті. Осылайша бұл салада кәсіби маман ретінде жұмыс істеуді ұйғарып, чикен, котлет, балық және лаваш сияқты фасфуд өнімдерін де қолға алдым. Ауылым аудан орталығынан шалғай орналасқандықтан сұранының басым көпшілігі жергілікті тұрғындар тарапынан түседі. Халықтың арқасында табыс тауып отқан соң барынша сұранысқа сай үлгеріп, көптің көңілінен шығуға тырысамын,-дейді кәсіп иесі.

Сонымен қатар, қазіргі таңда той, жиындар да жиі өткізілетіндіктен қосымша тағамдарға да сұраныс түсіп отыратынын тілге тиек етті.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***



## АУДАН БАСШЫСЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Жон бойындағы шаруа қожалық жетекшілерімен кездесті. Сапар барысында «Бабата-1» ЖШС егістігінде болып, онда мал азығының бағасы, жерді тиімді пайдалану, игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтарып, жұмыс жүргізетін азаматтарға беру жайы талқыланды. «Бабата-1» ЖШС төрайымы Сәуле Қалдыбекованың айтуынша, биылғы жылы 120 гектарға бидай өнімі, 595 гектар алқапқа жоңышқа егілген.

Бұдан соң аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы арнайы «Бірлік» шаруа қожалығына барды. Онда жүріп жатқан күзгі дала жұмыстарымен танысып, өнім көлемі мен сапасын назарға алды. Сондай-ақ биылғы жылы ауданда көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармайға ниет білдіруші ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 240 тонна жеңілдетілген жанар-жағармай бөлінгенін айтып өтті.

Бүгінде «Бірлік» шаруа қожалығы 10 гектар алқапқа арпа дақылдарын егіп, ору науқанын бастап кеткен.

-Биыл астық ору науқанын өткен жылмен салыстырғанда 10-15 күн ерте бастадық. 3 комбайн жұмыс істеуде. Бірер күнде шашпай- төкпей жиын-терімді аяқтап аламыз,- дейді жұмыс басында жүрген шаруалар.

Айта кетейік, биылғы жылы Теріскейлік шаруалар ерте көктемнен бастап көктемгі егістік жұмыстарына белсене кірісіп, бүгінгі таңда 14302 гектар алқапқа түрлі ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде: бидай – 320 га, арпа – 1125 га, жүгері – 817 га, картоп –494 га, мақсары –100 га, көкөніс пен бақша дақылдары 964 гектар аумаққа егілді. Сонымен қатар, жаңа жоңышқа 2246 гектарды құраса өткен жылмен қосқанда 9217 гектарға жетіп отыр.

Аудан көлемінде барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарында 368 ауыл шаруашылығы техникасы бар, оның ішінде 160 трактор, 5 комбайн, 70 тіркемелер және 133 басқа да қосымша техникалар бар.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ БОЙЫНША 53 АЗАМАТТЫҢ ҚҰЖАТЫ 227,250 МЛН ТЕҢГЕГЕ МАҚҰЛДАНДЫ

Ауданда Республика бойынша іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясындағы жұмыстар қарқынды іске асуда.

Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аталған жоба аясында Құмкент ауылдық округі тұрғындарының қатысуымен жиын өткізді. Онда ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын жеңілдетілген несиенің өзектілігіне тоқталды. Сондай-ақ жеңілдетілген несиелер бойынша қажетті ақпараттармен бөлісіп, алу жолдарын жан-жақты түсіндіріп өтті.



Шаруалар мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындар көкейдегі сауалдарын жолдап, сала мамандары тарапынан толықтай жауап берілді.

Айта кетейік, бүгінгі таңда аталған бағдарлама бойынша Созақ және Құмкент ауылдық округтерінен 70 азамат құжат тапсырып үлгерді. Оның ішінде Құмкент ауылдық округінен 9 азамат 35 млн теңге жеңілдетілген несие алып, 17 азаматтың құжаттары 69 млн теңгеге мақұлданды. Дәл осылай Созақ ауылдық округінде 12 азамат 55,500 млн теңге несие алып, 36 азаматтың құжаты 158, 250 млн теңгеге мақұлданып отыр.

Сонымен қатар, «Ауыл Аманаты» бағдарламасының екінші кезеңінде Шолаққорған және Жартытөбе ауылдық округтері ұсынылды. Жартытөбе ауылдық округінен «Сенбек-Ата» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, құрамына 64 азамат тіркелген. Шолаққорған ауылдық округі бойынша «Созақ Агро өнімдері» ауыл шаруашылығы кооперативі құрылып, оған 70 адам тіркелді. Кооператив мүшелерін тіркеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Тіркелген азаматтардың бірқатары құжаттарын тапсырыпта үлгерген.

# Түркі тілдес Журналистердің Халықаралық форумынан

Түркі тілдес Журналистердің Халықаралық форумынан

19 шілде күні кешкі автобуспен Түркі Тілдес Журналистердің Халықаралық Форумына арнайы шақырту алып, жолға шықтым. Ертесіне Алматыға таңғы 7.00-де түстім. Бізді қаладағы "Қағанат" дәмханасының қасында Алматы облысы әкімдігінің қызметкерлері қарсы алып, тіркеді. Сағат 10.00-де Есік қаласын бетке алып, жолға шықтық. Журналистерді осы қаладағы қонақ үйге орналастырды.

Республикамыздың 19 облысынан форумға қатысушылар келді. Теледизия, радио, газет саласының қызметкерлері. Арасында сайт жетекшілері де бар.

Орналасып болғаннан кейін бізді «Кіші аюлы» деп аталатын су қоймасының сарқырамасын тамашалауға алып барды. Бір мың үш жүз метр






биіктікке жаяу көтеріліп, әлгі сарқыраманы көрдік. Табиғаты ғажап жер екен. Айналамыз жасыл желек. Жергілікті халық бұл жерде аю бар дегенді айтты. Бірақ адамдарға көрінбейді екен. Бұл жерде дүкен, асхана, дүңгіршектер орналасқан. Шетелдік қонақтар яғни туристер де көзге шалынды. Үндістер, жапондықтар, түріктер, еуропалықтар көп жүр. Өз тілдерінде әр нені айтып қояды. Жүздерінен біздің әсем табиғатқа деген сүйіспеншілік байқалады.

Таудан қайтқанымызда кешкі сегіз болып қалды. Кешкі асымызды ішіп, қонақ үйде демалдық. Бізбен бірге әкімшіліктің баспасөз қызметінің жетекшісінің орынбасары Мұрат Тоқашбаев деген азамат болды. Кешкі асымыз көңілді ішілді. Журналистер бір-бірімізбен танысып, білістік. Өлең оқылып, ән айтылды. Қонақ үйге 10.30-да келіп, жатып демалдық.

Ертесіне сағат 8.00-де таңғы астан кейін қаладағы мәдениет үйінің алдында жиналдық. Екі үлкен автобус және екі «Старекс» көлігіне бізді отырғызып,Шарын шатқалына алып жүрді. Үш сағат жүріп, Шарынға келдік. Түскен жерімізден жаяулап, екі шақырым жүріп, Шарын өзеніне бардық. Үлкен жартасты аймақтың табиғаты өте көркем. Сылдырап, сарқырап өзен ағып жатыр. Осы жерде табиғаттың аясында түскі асқа отырдық. Бұдан кейін кері қайтып, автобустарға мініп, Көлсайды бетке алдық. Төрт сағат жол жүріп, Көлсайға жеттік. Мұнда да туристер жыртылып, айырылады. Жағалай киіз үйлер мен шатырлар тігілген. Көлігіміз тоқтап түскен сәтте жауын құйып жіберді. Пана іздеп, жан-жаққа тарадық. Суға түсу мүмкін емес. Содан сол төңіректегі асханадан сусын ішіп, келген көлігімізге қайта жайғастық.

Жастар жүрген жер қашанда думанды. Автобустың салонында жастар ән салып, би биледі. Жолай «Көлсай» мейрамханасында кофе брейнкке қатысып, шәй іштік. Ендігі бағытымыз. Қонаев қаласы болды. 380 шақырым жүріп, сол қалаға жеттік. Мейрамханадан кешкі асты ішіп алған соң, біздерді осындағы қонақ үйге жайғастырды. Қонақ үйге келе сала күні бойы жол жүргендікі ме, шаршап төсекке құладық. Таңертеңгісін Алматы облыстық әкімдіктің үлкен залында Халықаралық форумның ашылу салтанаты болды. Оған Ақпарат министрі Дархан Қыдырәлі және шетелдік журналистер мен өңірлерден келген қонақтар қатысты. Ақпарат министрі сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Облыс әкімі де құттықтау тілегін жеткізді. Конференциядан кейін секция бойынша семинар-тренинг бас-



талды.

І Халықаралық медиа және туризм форумы Қазақстанда тұңғыш рет өткізіліп отыр. Форумда медианың жағдайы және туризм мәселесі кеңінен талқыланды. Он екі мемлекеттен келген журналистер осы жайында ой-пікір, ұсыныстарын ортаға салды.Әр өңірден келген журналистер іс-тәжірибелерін бөлісті. Идея-лар-ұсыныстар айтылды. І Халықаралық форум Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында өткізілді. Шараға Қазақстан, Ұлыбритания, Швеция, Австрия, Бельгия, Германия, Франция, Нидерланд, Молдава, Солтүстік Кипр, Туркия республикасы, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, сияқты шет мемлекеттерден 200ден астам адам қатысты. Форумның мақсаты-медия және туризм саласындағы жаңа үдірістерді ескере отырып, тәжірибе алмасу, ақпарат алу кеңістігін кеңейту, өзара тиімді ортақ жобаларды жүзеге асыру, Қазақстанның тарихи-мәдени орындарын шетелдік және Отандық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау, журналистер арасындағы ынтымақтастық пен әріптестік байланысты нығайту.

Форумның ашылу салтанатында Алматы облысының әкімі сөз сөйлеп, туризмді дамытуда БАҚ-ның маңызы үлкен екенін айтты. «Екі күн өңірімізге деген ерекше назар болып тұр. Қонаев қаласында қос бірдей халықаралық деңгейдегі шара Медиа мен туризмнің халықаралық форумы және әуе шарларының фестивалі ұйымдастырылды. Әлемнің 15-ке жуық мемлекеттінің және еліміздің көптеген өңірлерінің БАҚ-ның өкілдері қатысып отырған Медиа форумының маңызы зор. Бұл ірі екі шара өңіріміз туралы ақпараттық кеңістікте оң пікір қалыптастырады деген сенімдеміз. Себебі, Алматы облысы үшін туризмді дамыту бұл маңызды экономикалық фактор,-деді өңір басшысы.

Облыс әкімінің сөзінше, туризм индустриясы БАҚ мен, ал қазіргі жаңа Медиалар әлеуметтік желілермен тығыз байланысты. «Желіге туристік нысан туралы көп ақпарат тараса, сонша көп адам көріп, туристік орындарға келеді деген сөз. Сондықтан да туризмді дамытуға сеп болатын Медиа құралдарды дамыту маңызды»,-деді Марат Сұлтанғазиев.

Сонымен қатар ол туризмдегі инфрақұрылымды дамыту, қызмет сапасын көтеру сынды мәселе төңірегінде Үкіметтің де қолдауы да жоқ емес.

«Алматы облысында кәсіпкерлер туристік нысандар салса, шығындарының 10 % -ын, туристік автобустар алса 25 % -ын қайтару механизмі қарастырылған. Аталған және басқа да көптеген мәселелерді шешіп қазіргі күні әзірленіп жатқан өңірімізде туризмді дамытудың Мастер-жоспарының аясында қарастырылмақ. Бүгінгі шара жемісті болсын»-деді облыс әкімі.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі: «Баршаңызды Жетісу жерінде Түркітілдес Журналистер қоры ұйымдастырып отырған форумның ашылуымен құттықтаймын. Мемлекет басшысының жарлығымен Алматы облысы екіге бөлініп, жаңа облыс орталығы Қапшағай қаласына Д.Қонаевтың есімін беру тарихи әділеттілік болды. Облысқа алғаш рет келіп отырғандықтан, өңір басшылығын осы тарихи шешіммен құттықтаймын. Өздеріңізге белгілі, ел арасында «тарих Шумерден басталады»-деген сөз бар, ал біздің тарихымыз Іле өзенінен басталады. Тіпті, көне түрік күнтізбелік мүшел жыл санауы Іле өзенімен байланысты. Қонаев құрылғалы бері ауқымды іс –шаралар ұйымдастырылып келеді. Облыс әкімі айтып өткендей, туризмді дамыту үшін БАҚ-ның ақпараттық насихаттың маңызы ерекше. Бүгінгі Медиа мен туризмді бір жерге тоғыстырған форум. Алматы облысының туризмі дамуына септігін тигізеді,-деді министр.

Шараның ұйымдастырушысы, Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямерген қызы әлемдік туризмнің пандемиядан кейін дамығанын тілге тиек етіп, былтырғы кіріс І трлн АҚШ долларға жеткенін атап өтті. Алматы облысы-қазақтың ежелгі әдет-ғұрпы, тарихы, салт-дәстүрінің ең басты даму мекені. Сол себепті форум биыл осы жерде ұйымдастырылып отыр. Тамызда Анталиядан журналистер келіп, өңір басшысының қолдауымен бұл жерде тағы да ауқымды шара өтеді. Сонда туризмді дамыту, инвестиция тарту секілді мәселелер қарастыратын болады. Шетелге шығу жақсы, бірақ Қазақстанның да көрікті жерлері көп. Соларды әлеуметтік желіде насихаттап, ішкі туризмді дамытуға шақырамын,-деді қор президенті.

Бұдан кейін журналистер өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойып, министрмен, облыс әкімінен пікір алмасты. Медиа форумның бірінші отырысы «Қазақстандағы туризм: даму келешегі мен мүмкіндігі» тақырыбында өтті. Медиа туризмді дамытудың еліміздің өркендеуіне кеңінен жол ашатындығын көрсетті. Ұйымдастырушылардың еңбегі ерен. Еш кетпейтіні хақ. Бұл форумның берер пайдасы көп болды. Барша ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз.

Бәрі тамаша, өте жоғары деңгейде өтті. Тәжірибе алмастық. Көп ақпарат алдық. Осындай маңызды форум өткізген Түркі тілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенге, жанашыр болған ұйымдастырушыларға және Алматы облысы әкімдігіне мың алғыс!

*Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,*
*Шолаққорған-Алматы.*
*Есік қаласы-Қонаев қаласы-*
*Шолаққорған.*

# Ұстаздық пен өнерді ұлықтаған ана



Біз әңгімемізге арқау етіп отырған уақытысында ауыл аймағы ортасында өнерпаз ұстаз атанған Сәуле апай туралы болмақ. Әділқызы Сәулегүл Қалымбетова 1950 жылы 15 наурызда Бәйдібек ауданы Бестоғай ауылында дүниеге келген. Қаратаудың күнгей бетіндегі Бестоғай ауылы әйгілі Қарабас өзенінің жағасында орналасқан екен. Сол өзеннің арғы жағы, бергі жағы төменгі жағы деп ауылды үшке бөледі. Сол өзеннің бергі жағында Сәуле апай өмірге келіпті. Ол 5-6 жасынан бастап сол ауылда кімдер тұрады? қандай қариялар бар? қандай аналарымызды білеміз? аядай ауылдың күнделікті тыныс тіршілігі, тұрғын жұрттың іс әрекеттері жайлы, немен айналысады? соның бәрін зерделеп, қажетті үлгі өнегесін, тәрбиесін қабылдап жақсылықтар мен жамандықтардың бәрін көңіліне тоқып өседі. Анасы ісмер, тоқымашы, шебер, әнші болған. Той-томалақтарда ән салып, той бастап жүріп ел ішінде «әнші қыз» атанады.Әкесі қарапайым еңбек адамы болыпты. Домбыраны жақсы тартады екен. Аңшылыққа жаны құмар саятшы, атты жақсы баптайтын атбегі, ағаштан түйін түйетін сегіз қырлы бір сырлы азамат болған. Сол отбасындағы ата-анадан алған тәрбиенің жемісінен болуы керек, зерек, алғыр қыз атанып, ауыл ішіндегі жақсылы, жаманды дүниелердің әрекетін жастайынан абайлап аңғарып, көңіл бөліп өмірдің ақ-қарасын саралап ажырата білген көзі ашық азаматша болып өседі.

Туған ауылына деген сүйіспеншілік, елі мен жерін қорғау, еңбек ету, елге қызмет етіп, елге пайдалы іс істеу Сәулеге бала кезінен қалыптасып, бойына сіңе түседі. 1957 жылы ауылдағы «Досан» сегіз жылдық мектебінің табалдырығынан аттап ұлағатты ұстаздық жолға бет түзейді, мектеп қабырғасындағы өзі еліктеген ұстаздарының өнегелі істерін бойына сіңіре түседі. Сабақта білімге деген ынтасы, өмірге деген көз қарасы өте жоғары және ерекше болады.

Ауылда күнде болмаса да арагідік болып тұратын жайттардың бел ортасында жүреді. Айқай-шу, ұрыс-керіс орын алғанда екі жаққа да тоқтау айтады, ақыл-кеңесін мысалдап отырып жеткізе біледі. Ауылда бірде үлкен келін түсіру тойы болады. Алдында беташары да болды. Үлкен әпшесі ата-анасынан рұқсат сұрап тойға барғысы келетінін білдіреді. Сонда ата-анасы бойжеткен әпкесіне кіп-кішкентай Сәулені де қосып жібереді екен. Ол уақыттар Ұлы Отан соғысынан кейін ауыл жұртшылығының әрі сәрі күй кешкен кезі болатын. Бір жолы тойда бір ағайын ағасы мас болып ойына келген сөздерді айта бастайды. Оның үстіне келген меймандар да ыңғайсыз жағдайға тап болады. Сөйтіп тойдың шырқы бұзылады. Екі-үш күннен кейін соңғы сабақтан шығып, шаршап үйге бет алып келеміз,-дейді. Оның үстіне жұрттың бәрі шаршады. «Тойға барсаң тойып бар» демекші той үстінде Сәулеге тойға келушілер бір ән айтқызып жұғысты, жұпты бола берсін дейді.

Содан әлгі мас кісі «Сәулеш бір ауыз ән айтып берші» деп өтінеді.Ертесіне мас көкесіне қарап тұрып: -Ертең Әбен ағай мен Мария апай үйленеді. Кешегі тойдағыдай мас болып ішкілік ішіп елдің мазасын алмайтын болсаңыз ғана ән айтамын,-дейді. Әлгі көкесі: -Сәулеш енді ішпеймін уәдем уәде,- дейді. Сәуле болса орнынан тұра сала қасында өзге де оқушылар бар. Бәрі хормен:

«Мұз айдын, мұз айдын,
Жарқырайды айнадай
Ұзаймын, ұзаймын!
Мен конькиші лай-ла-ла»-деп шырқай жөнеледі. Кейін сол ағасы «айналайын болды ендігәрі ішпеймін» деп мүлде ішпей арақты қойып кетеді.

Осы бір сәттік ғана оқиғадан кейін ауылдағы үлкен, кіші ауылдастары Сәулеге құрметпен қарай бастайды. Сөйтіп қаршадайынан сөзі өтімді болады. Әрбір той, жиында Сәулені сыртынан мақтап игі тілектерін білдірген жандар аз болмайды. Сол себепті де ауылы мен аймағына «ақылшы қыз», «әнші қыз» атанады. Сәуле осылайша кішкентай кезінен бастап ауылдың тыныс тіршілігіне, өміріне араласып бойжетеді. Мектеп мұғалімдері түрлі аудандық, облыстық жиынды шаралар болсын міндетті түрде Сәулені қастарынан тастамай алып жүреді. Зерек оқушы мектепішілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Аға пионер вожатый, қыздар советінің председателі, мәдени шараларды жүргізуші болады.

Бестоғайдағы сегізжылдық мектепті бітірген соң, Алғабас ауылындағы он кластық мектепте білімін жалғастырып, 1967 жылы бітіріп шығады. 1967-1970 жылдары Ташкент қаласындағы Низами атындағы педагогикалық университетінің физика-математика факультетін бітіріп шығады. Одан 1980-1984 жылдары Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын Алғабастағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепте физика пәнінің мұғалімі қызметінен бастайды.

1969-1973 жылдары Жартытөбе ауылындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы орта мектепте физика пәнінен сабақ береді. Осы жылдары мектеп басшылары Шерниязов Көпей, Ялиев Жылқыайдар, М.Сүлейменов, Тілеуқабылов Тәжен, Клара, Сәбила Мырзахметова ағай-апайларымыз, совхоз басшылары Исабек Мырзахметов, Баймұса Есжанов, Байыш Исаев сияқты ел ағалары «халықтың қызы» деп баталарын беріп құрметтеп ұстаздық ұлы жолға шығарып салды. «Асыл тастан, ақыл жастан шығады» демекші қошеметті мақалалар, зерттеулер, танымдық дүниелер болса қалт жібермей оқуды әдетіне айналдырады. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Сексенбай Тұрысбековтің қолынан бірнеше рет алғыс хат иеленеді.

-Қаршадай қазақтың қызына табиғи дарын мен сана берген шексіз мейірімді Алла тағалаға деген шексіз ризалығымыз бар,-дейді екен ата-анасы елдің Сәулеге деген ыстық ықыласын сезінген сайын.

1970 жылы жас қыз Жартытөбе ауылының тұрғыны Төлеубеков Қуандықпен отбасын құрап шаңырақ көтереді. Жұбайы екеуі төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп кәмелеттік жасқа жетелей жеткізеді. Сәуле апай «Аяулы ана», 1-2 дәрежелі «Даңқты ана», «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері атанып сонау 1973 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанша Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте ұстаздық етеді. Қазақ ССР Оқу Министрлігінің «Үздік қызметкері» төсбелгісін кеудесіне тағады. «Еңбек ардагері» медалімен, аудан, облыс республиканың алғыс хаттарымен, Мақтау грамоталарымен марапатталады.

Осы жылдар аралығында Сәуле Қалымбетова білім саласының майталмандары саналатын Ләнде Бекенов, Сағынтай Байділдаев, Сейілбек Наурызбаев, Нұрділда Сейділдаев ағаларынан зор тәлім алады. 1973 жылы Ләнде ағай аудандағы пионерлер үйіне директор болып баруға ұсыныс білдірді. Отбасылы, әрі көп балалы, әрі балалардың жас болуына байланысты ұсыныстан бас тартады.

Сейілбек ағасы:-Қызым құдайдың берген өнерін тастама, бойындағы Алла сый еткен өнерді ұстаздық қызметіңмен ұштастырып қатар алып жүр,-деп жігерлендіріп отырады. Сол ағаларының берген лайықты бағасын ешқашан есінен шығарған емес. «Халықтың қызы», «Ел анасы», жоғары санатты біліктіұстаз, «Сахнаның сәні», аудандағы мәртебелі ұстаздардың бірегейі деген елдің берген теңеулерін санасына серік еткен ұстаз-ана аудандағы ата-аналардың құрметін сезіне білді.

Сәуле апай 2016 жылы республикалық «Хабар» телеарнасында «Әйел сыры» атты бағдарламаға шақырылады, «Еуразия-1» теле арнасында журналист Аман Тасығанның «Өнегелі отбасы» бағдарламасына сұқбат береді. Республикаға белгілі Дана Нұржігіт, әнші Қарақат Әбділдина, актер Данагүл Сейтметова, Аман Тасыған, Мая Виронская сияқты журналистердің жүргізетін сын сұқбаттарына шақырылады.

-Расында да Қуандық пен Сәуленің жанұясы өнегелі отбасы ретінде жас ұрпақтарға саналы тәрбие, сапалы білім беруді басты мақсаты санады. Және мақсат тұтқан биіктеріне қол жеткізді. Сол себепті де әріптесіміз Сәуле қандай құрметке болса да лайықты дейді ардагер ұстаз Ыбыраев Нұрмағанбет. Қазақтың салт дәстүрі, әдеп-ғұрпы, өнері, тарихы жайлы терең де жетік білімі Сәуле апайды өзі қалаған биіктерге жеткізді. Бүгінгі таңда аудандағы ардагерлер хор ұжымының, «Ақ әжелер» тобының мүшесі ретінде облысымыздың бірнеше қала, аудандарына бара жүріп ұжым өз өнерлерін көрсетті. Біз қашанда осындай өнер мен ұстаздықты қатар алып жүрген бар ғұмырын балалардың азамат болуы жолына арнаған құрметті ұстаздарымызды мақтаныш тұтамыз. Сондықтан Сәуле апайды құрметтілер қатарынан көргіміз келеді. Әрі олардың қатары көбейе берсін деген зор тілектеміз.





***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***

# Әкемнің әңгімелері

*(Соңы. Басы өткен сандарда).*

Олардың міндеті – күнделіктi бес тонна көмірді поездың багажына артып, жол бойы соны жағып, қайтып келген соң, топкадан күлін түсіріп, тазалап қою. Жұмысы өте ауыр. Қойшы, сонымен бір орыс машинистке качегар болып жұмысқа кірісіп кеттім.

Орыс машинист менімен жұмысты «Ё... мать, баран» деген сөзден бастады. Бір-екі рет ашуланып, жағаласқым да келді, бірақ машинист боламын деген арманыма жету үшін, неге болса да шыдау керек деп бекідім. Жұмыс ауыр, оның үстіне анау орыстың мені менсінбей: «Ё... мать баран» ананы істе, мынаны істе деп тынымсыз бермейтіні бар. Не болса соны сылтау етіп, мені жұмсай берді. Мен зығырданым қайнап, ашуым келсе де: «Әй, Сағындық, шыда. Сен қазақтан шыққан тұңғыш машинист боласың» деп өзімді тежеймін.

Өстіп жүріп анау орыстың не тірлік істеп жүргенін, отарбаны қалай жүргізіп, қалай тоқтайтынын, қай жерін қалай тексеретінін бақылап жүремін, ешбір тірлігін қалт жібермеймін. Несіне айта берейін, екі жыл уақыт өткенде отарбаның қыр-сырын нүктесіне дейін біліп алдым.

Бір үні Шолақтаудан Жамбылға келіп, отарбаны орнына қойып жатқан машинист маған қарап «Ё ... твою мать, баран, су әкеліп бер маған» дегені, менің шыдамым таусылып, төзімім шегіне жетті ме, әбден шаршағандықтан ба, әлде орыстың шектен тыс озбырлығы әсер етті ме қолымдағы жалпақ темір күрекпен маған бажырайып қарап тұрған машинисті қайқайтып тұрып басынан періп жібердім. Ол әлгі сөзін қайталаған күйі әкіре темір еденге гүрс етіп құлады. Түрегеп тұрған бойда, тағыда бір соғайын деп едім, аяғы дір-дір етіп жатыр екен, шошып кеттім. Иттің баласы өліп қалмады ма екен деп зәрем қалмады. Күректі тастай салып, поездан түсіп Деподағы жүгіріп келемін, бар айтқаным «он умер, он умер» дей бердім.

Шуылдаған бір адам. Бес-алты адам жаңағы машинисті көтеріп ауруханаға алып кетті, ал мені милицияға апарып қамады. Қорқуын қорықсам да, ашуым әлі тарқаған жоқ-тын. Мені орыс кісі тергеді, болған жағдайды түгел баяндап бердім. Келесі күні сағат бесте партия жиналысы басталды. Депоның шағын бөлмесінде адам лық толы. Төрде Депоның бастығы, партком, рабочком, т.б. орыс азаматтары отыр. Басын дәкемен орап алған менің Саша бастығым да бар. Мені оңаша бір бұрышқа әкеп тұрғызып қойды.

Жиналысты партком бастап:

– Сегізбаев Сағындық неге жазықсыз адамды ұрып жарақаттағанын айтып берсін,– деді де, маған бұрылып,– Ал, Сегізбаев, неге бұлай еттіңіз?- деп сұрақ қойды.

Мен үндемей тұра бердім. Ол тағы да:

–Сегізбаев,– деп маған қарап,– неге үндемейсіз?–деді.

– Жолдас начандік, сіз менің фамилиямды дұрыс атамай тұрсыз ба деп, сөйлеуге ыңғайсызданып тұрмын. Менің фамилиям – «Ё... твою мать», атым – «Баран» болғалы қашан,– деп бетіне қарадым. Сөйтіп Сашама қарасам, басын салбыратып төмен қарап отыр екен. «Бұл не дегенің, не деп тұрсың?» деп Парторг едірейе қалды. Сол кезде Әйнек рабочком орнынан тұрып, менің өткен күндерімді тәтпіштеп орыс тілінде баяндап беріп еді, парторгтің түсі бозылып сала берді. «Что это за анархия и издевательство товаришь, Александров?– деп столды қойып қалып, –айтып тұрғандары шындық па?» деп машинисттен сұрады. Саша үндемей басын изеді. Жиналыс шуға ұласып кетті. Сол кездегі жұмысшылардың қадірін айтсай, маған ескерту жасап, Сашаны партиядан шығарып әрі жұмыстан босатты.

Арада үш күн өтті. Менің ойымды бұрынан біліп жүрген Әйнек маған келіп: «Не болды, Сәке, поезд айдауды және күтімін, т.б. үйрендіңіз бе?» деп сұрады. Мен бәрін білетінімді айттым. Ертесіне Депоның бастығы шақырып жатыр деген соң барсам, бір адам үстелге жайғасып отыр екен. Амандасып болған соң, маған сұрақ қоя бастады. Сұрақтары көбіне поезды жүргізу тәсілдері мен ережелері. Бәріне дұрыс жауап бердім. Соңында: «Ертең бір кісіні қасыңа қосамыз, сонымен Түркістанға барып қайтасың,– деді. –Егер бәрін дұрыс орындасаң, сол өзің от жағып жүрген поездға машинист болып бекітілесің»,– деп сөзін аяқтады. Түркістанға барып қайтқаннан кейін «жақсы» деген баға алып, көптен жетелеп жүрген арманыма жетіп, машинист болып бекітілдім. Бұл 1929 жыл еді. Кейіннен естідім, Алматы теміржолында менен басқа бір қазақ жігіт машинист болып жұмыс істейді екен. Бірінші болайын, екінші болайын әйтеуір, қазақтан шыққан алғашқы машинисттің бірі болғаныма риза болып жүре бердім.

## Қар құрсауында

Ұмытпасам, 1930 жылдың қысы. Поезды Жамбылдан Түркістан бағытына апаруға бұйрық алып, таңсәріде жолға шыққан болатынмын. Жолда качегар екеуміз әңгімелесіп, аракідік жан-жаққа қарайлап қойып келеміз. Айнала аппақ қар, мидай дала, қаңтардың қақаған аязында бұрқыраған қардан басқа ештеңе көрінбейді. Шамамен Түркістанға 20-30 шақырымдай жер қалған болуы керек, бір кезде качегар Молдаш деген жігіт: «Сәке, ананы қараңыз»,– деп күнбатыс жақты нұсқады. Мен де есік жаққа таяп келіп қарасам, бір адам сияқты қарайған бірнәрсе бірде тұрып, бірде құлап, ербең-ербең етіп келе жатқандай көрінді. Көмекшім екеуміз тесіле қарап тұрмыз. «Сәке, бұл айдалада қаңғып жүрген қандай адам?»,-деп кочегарым маған таңдана қарайды.

Ол кездері теміржол тәртібі өте қатал болатын. Кез келген жерге тоқтауға ешқандай құқың жоқ. Ол – үлкен қылмыс. Өйткені теміржол біреу-ақ. Сенің алдыңнан басқа поезд шығуы мүмкін, сонда бір жолда екеуі қарама-қарсы кеп қалса, шаруа бітті деген сөз. Себебі жол бойындағы жол айрықтарына белгілі бір уақытта келіп тоқтап, алдыңнан шыққан поезды өткізіп жіберу керек. Бұл–екі составтың бір-біріне жалғыз жол бойында қарама-қарсы келіп қалмауының негізгі шарты. Осы оймен арпалысып келе жатып, кездейсоқ кездескен әлгі ноқаттың қолының ербеңдегенінен адам екеніне толық көзім жетті. Ол жанұшыра қимылдап, ұмтылып келеді, бірақ омбы қарға қайта-қайта құлап, өнетін емес. «Тәуекел» деп, тормозды басып қалдым, поезд іркіліп, шиқылдаған күйі сырғып келіп тоқтады. Көмекші екеуміз секіріп жерге түсіп, бейтаныс жолаушыға қарай жүгіре басып келеміз. Қарға малтығып, әрең дегенде жеттік. Ол үстінде қара шапаны, аяғында байпағы бар еңгезердей жас жігіт екен. Екеуміз екі жағынан ұстап сүйеп жатырмыз. Екеуміздің бетімізге қарап күлген болады, бар тапқаны «Аллаға шүкір, Аллаға шүкір» деп қайталаумен болды. Көмекшім екеуміз сүйемелдеп отарбаға жеткізіп, ішке кіргіздік. Кочегарға: «Сен мына кісіні шешіндіре бер»,– деп, поезды қозғауға кірісіп кеттім. Поезды жүргізіп, сағатыма қарадым. Тура 10 минут кідірген екенбіз, жаным шығып кете жаздады. Енді алдымызда ешқандай поезд жоқ. Егер қарама-қарсы жақтан келік шығатын болса, масқара сонда болады. Соғыспай аман қалсам да, сотталатыныма еш күмәнім жоқ! «Я, құдай, өзің сақта!» дегеннен басқа менде амал жоқ. Алып келген адамның киімін ретеп, топка жаққа кептіруге салып, жөн сұрауға кірістім. «Атым Жұманазар», –деді баяу ғана тілге енді келе бастаған жолаушымыз. Пештің алдында отырып жылына бастаған Жұманазардың беті үсіп қалған, қолдарын да аздап үсік шалған, бірақ өзі ештеме сезінбеген сияқты кейіп танытты. Денесі де ірі, қайратты адам екені көрініп тұр. Сұрастыра келіп, Созақтан екенін, сол жердің байырғы тұрғыны екенін білдік. Менің сол жердегі туыстарымды білетін болып шықты. Әсіресе менің немере ағам Шойынбай молданы білетінін айтты. Жылынып, әңгімесін былай жалғады:

–Өздерің білесіңдер, елде жағдай қиындады. Кеңес өкіметі орнағаннан бері елдің мал-мүлкін тартып алып, жұрт аштықта қырылды. Соған қарсы Созақта ел бас көтеріп еді, өкіметтің құрығы ұзын емес пе, ақыры қарулы әскерімен басып, жаншып тынды. Қолға түскендерді қамап, атып, аяп жатқан жоқ. Болмаған соң, қашып келемін. Таудың арасында екі күн от жағып, жылынып жаттым. Енді ұстатып жіберсеңдер де, өз еріктерің. Болмаса, сендермен Түркістанға жетсем, ары қарай шекара ассам, ел іші басылған соң оралармын.

Ол күндері қатынас аз, ел адамы жиі ұшыраса бермейтін. Ал мұндай тағдыры тәлкекке түсіп, пана іздеп бара жатып айдалада кезіккен бейбаққа қалай қиянат жасарсың?! Кездейсоқ ұшырасқан азаматқа бір аландап, «кешігіп келе жатқанда бірдеңе шығып қалмаса игі еді» деп поездыма екі аландап келе жатқанда Құдай жарылқап, Түркістанға да жеттік. Теміржол вокзалына келіп тоқтағанда Жұманазар бізге алғысын айтып, қоштасып кетіп бара жатып:

– Жігіттер, мұсылман екенсіңдер, мені ажалдан алып қалдыңдар, Алла Тағала тілеулеріңді берсін! Ендігі өтінішім– мені көрдім деп ешкімге айта көрмеңдер, аман болсақ, бар болсақ, жолығармыз,–деді.

* * *

1957 жылы зейнетке шығып, Созаққа қоныс аударып, көшіп келдім. Дүрбелең басылған кез. Ауыл қарияларымен әңгімелесіп жүріп естіп білгенім: баяғы Жұманазар озбыр үкіметке қарсы жасалған Аллаху көтерілісіне қатысқан екен. Сол кезде «Совет үкіметінің белсенділерін өлтіріп қашқан» деген сыбыс әңгімелер де болған. Бірақ мен оның өтірік не шынын біле алмадым. Бұл – алыпқашпа әңгіме болса керек. Жұманазар сол кеткеннен Ташкентке жетіп тоқтапты. Сонда жиырма жылдай тұрып, кейін елге оралған екен. Кейіннен Жұманазардың баласы Балтабаймен танысып қалғаным бар. Әкесі мен туралы айтқан болуы керек, менімен «Ағажан» деп амандасып, бауырмашылдық танытатын. Жұманазардың баласы Балтабайдан екі қыз, үш ұл бар екен. Барлығы да елге сыйлы адамдар екен.

## Қанағатсыздық

1957 жылдың тамыз айында Депода жиналыс болып, мені құрметпен зейнетке шығарып салды. Мен ол кезде 58 жастамын. Облыстық советтің депутаты, «Қызыл ту» ордені, т.б. көптеген медальдардың иегерімін. Жиналыстың соңында Депо бастығы маған:

– Құрметті, Сегізбаев жолдас, сіз әлі жассыз, егерде бұдан әрі жұмыс істегіңіз келсе, бірер жыл жұмысыңызды жалғастыра бермейсіз бе? Сіздей машинист табу бізге енді қиындау, сондықтан жұмысыңызды жалғастырсаңыз, біз қуанамыз,– деді.

Мен ойланып, келісім бердім. Айта кетейін сол кездегі зейнетақым 1200 сом болатын. Негізі бұл да үлкен ақша. Себебі сол кезде 1 қой 10 сом, ал жылқының жылқысы 700-800 сом еді. Бірақ мен әлі жаспын, жұмыс істесем, тағы 2500 сом аламын. Мектептегі үш балам мен жаңадан үйленген үлкен ұлымның болашағын ойлап, бір жағы 2500 сом ақша ойымнан шықпай, бір айлық отпускімнен кейін жұмысымды жалғастыратын болып қайттым. Бір ай демалысым өте шықты, жұмысқа шығатын уақыт келіп, «Депоға» барып, зат-саймандарды түгелдеп, паровозды қабылдап, тексеріп, Алматы бағытында жүріп кеттім. Қасымда кочегарым бар, екеуміз оны-мұны әңгіме етіп, жүріп келеміз. 4-5 сағат жол жүрдік. Баратын жеріміз – Алматы. Жолға тоқтайтын жері бар, жалпы 13-14 сағаттық жол. Көңіл-күйіміз жақсы. Бір кезде оң жақтағы бактың қысымын өлшейтін аспапқа көзім түсті, көрсеткіші 200-ге жетіп қалыпты. Негізгі қысым 150-170-те дұрыс деп белгіленген. Ал мендегі көрсеткіш 200-ге таяп қалған. Егер осы бу қысымы 250-ге баратын болса, паровоздың бағы жарылады. Ол жер қызыл санмен белгіленіп қойған. Жүрегім бір нәрсені сезіп, қобалжи бастадым. Паровоз сырғып келеді. Айнала жым-жырт, оң жағымыздағы таудың айқыш-ұйқыш сілемдерін артқа тастап барамыз. Көрсеткіш-табылоға қараймын, қысым көтеріліп келе жатыр, бір кезде 200-ге жетті. Көңілімді үрей билей бастады, кочегарға қарап едім, ол да маған қарап: «Сәке, отты көп жағып қойдық па?» деп қипақтап тұр. Қысым көбейген кезде артық буды шығаратын тұтқаны тартып-тартып қоямын. Артық бу шығатын түтік қатып қалған. Не істерімді білмей аң-таң болып, дегбірім қашты. Будың қысымы болса күшейіп келеді. 220-ға жетті, әлі де көтеріліп келеді. Поездың тіркемесінде 19 вагон бар, іші толған адам. Паровоз жарылса, не болатынын айту қиын. Өзім коммунистпін, бірақ бір Алланы ұмытпаған мұсылманмын. Жан қысылғанда адам не айтып, не жасамайды дейсің, бар тапқаным Аллаға жалбарынып келемін. «Жаратқан ием, не жазығым бар еді? Әкеден жастай жетім қалдым. Көрмеген қорлығым жоқ. Енді ел қатарына қосылып келе жатқанымда, осылай масқара өлімге душар еткенің қалай?»,– деп көзімнен ащы жастың қалай шығып кеткенін де байқаған жоқпын. Кочегарым да сасқаннан топкадағы отты өшірмекші болып жанталасып жатыр.

-Әй, не істеп жатырсың?-деп айқай салдым. -Отты қалай өшірмекшісің, таста қолыңдағы көсеуді-деп ұрсып бердім.

– Сәке, енді не істейміз? Паровоздан секіріп қашайық,– деп сандырақтап тұр. –Әйтпесе өлеміз ғой!

– Өшір үніңді. Сонда вагондағы халықтың бәрін қыруымыз керек пе?- деп жекідім. Адамның ойы неткен жүйрік еді. Қас қағым сәтте ақ жаулықты анам, әйелім, бала-шағам, т.б. ағайын-туыстар көз алдымнан кинодағыдай сырғып өтіп жатты. Қысым көрсеткіші 240-қа барды. Міне, өлді деген осы болар деген ой санамда жылт ете қалды. Күбірлеп бала-шаға, ағайынмен қоштасып, «Е, Алла, жеткен жерім осы болса, амал не?!» деп, кәлимаға тілімді келтіріп, құдайдан кешірім сұрап, жалбарынғаннан басқа ештеме қалған жоқ. «Қош бол, бауырым!» деп кочегарымды құшақтап, еденге отыра кеттім. Ендігі бір амал – паровозды тоқтатып, адамдарды жерге түсіру керек екені есіме түсті. Тормоздың тежегішін тарта бергенім сол еді, құдайдың құдіретіне әлі таңғаламын, пыш-пыш деген дауыс шығып, қысым көрсеткішінің тілі жайлап солға қарай сырғып, төмендеп келе жатқанда есімді жидым. Орнымыздан тұрып, өзімізді-өзіміз ретке келтіріп, жүріп келеміз. Бірақ бу шығаратын тұтқаны жаппадым. Сол күйінде жүріп келеміз. Аллаға шүкіршілік етіп, алғысымызды жаудырумен келеміз. Жолдағы суы бар разьезге жетуге асығып келемін. Судың қысымы төмендеп 150-ге барды, кочегарға «көмір сал» деймін, ол топкаға көмір салады. Қысым артып, жүріп келеміз. Суы бар станцияға келіп, толтырып су құйып алдым. Қысым төмендесе, от жағып, қыздырамыз. Сөйтіп Алматыға аман-есен жеттік. Бу шығаратын түтіктің тросы үзілген екен, сол жердің «Депосына» барып жөндеттік. Ертесіне аман-есен Жамбылға жеттік. Ең бірінші маған келген ой – бастыққа барып жолығу, өзімнің ағаттық істегенімді айтып, кешірім сұрау. Тура осы жолы екі нәрсеге толық көзім жетті. Бірі–Алланың барына шексіз сендім және оған мәңгі бас иемін. Екіншісі – Алла Тағала әр пендесіне лайықты нәсіп береді екен. Одан артық аламын деген–күпірлік әрі ақымақтық. Алланың өлшеп берген нәпақасына разы болудан басқа амал жоқ. Қош, сонымен бастықтың алдына кіріп, болған жағдайды баяндап, бүгіннен бастап жұмыстан босайтынымды айтып, арызымды жазып, қолына бердім. Бастық түсінігі мол, орыс кісі еді. Бар айтқаны:

– Сен коммунистсің, құдайға сенгенің қалай?– деп, жай ғана күлді.

Мен ол кісіге:

– Сіз білесіз ғой, 1941 жылы Германия соғыс ашқан кезде Сталин жолдастың халыққа арнаған сөзінде ол кісі де құдайға сенетінін білдіріп қойған. Оған қарағанда мен кіммін?! Аллаға шын жүрекпен, жан-тәніммен сену – адам баласының бұлжымас қағидасы болуы шарт,– деп, қоштасып шығып кеттім.

***Абсамат СЕГІЗБАЕВ,***
***зейнеткер ұстаз,***
***Қыземшек ауылы.***

# Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.Кезкелген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

***Б.СӘРСЕНБЕК,***
***ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.***

*(Соңы. Басы 6-бетте).*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| авансы, полученные от покупателей, заказчиков | 013 | 79 | 75 | 258 |
| прочие поступления | 016 | 0 | 30243 | 48393 |
| **2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 021 по 027)** | **020** | **521784** | **309497** | **517991** |
| платежи поставщикам за товары и услуги | 021 | 210725 | 125277 | 206147 |
| авансы, выданные поставщикам товаров и услуг | 022 | | 4906 | 563 |
| выплаты по оплате труда | 023 | 286997 | 120516 | 208491 |
| подоходный налог и другие платежи в бюджет | 026 | 8921 | 24544 | 38874 |
| прочие выплаты | 027 | 15141 | 34254 | 63916 |
| **3. Чистая сумма денежных средств операционной деятельности (стр.010-стр.020)** | **030** | **87164** | **-25274** | **61356** |
| **II. Движение денежных средств от инвестиционной деятельности** | | | | |
| **1. Поступление денежных средств, всего (сумма строк с 041 по 052)** | **040** | **0** | **0** | **1518** |
| реализация основных средств | 041 | 0 | 0 | 1518 |
| **2. Выбытие денежных средств, всего (сумма строк с 061 по 073)** | **060** | **70069** | **16778** | **43958** |
| приобретение основных средств | 061 | 70069 | 14980 | 24131 |
| приобретение других долгосрочных активов | 063 | 0 | 0 | 15705 |
| прочие выплаты | 073 | 0 | 1798 | 4122 |
| **3. Чистая сумма денежных средств от инвестиционной деятельности (стр.040-стр.060)** | **080** | **-70069** | **-16778** | **-42440** |
| **4. Влияние обменных курсов валют к тенге** | **120** | **0** | **0** | **-5** |
| **5. Влияние изменения балансовой стоимости денежных средств и их эквивалентов** | **130** | **0** | **5** | **-2** |
| **6. Увеличение (+)/уменьшение (-) денег (стр030+-стр080+-стр110+-стр120+-стр130)** | **140** | **17095** | **-42047** | **18909** |
| 7. Денежные средства и их эквиваленты на начало отчетного периода | 150 | 40925 | 59837 | 40928 |
| 8. Денежные средства и их эквиваленты на конец отчетного периода | 160 | 58020 | 17790 | 59837 |

# Жемқорлық індет-жою міндет

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар аз емес. Соған қарамастан, өкінішке орай, жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтың орын алып жатқан деректері аз емес. Мұның басты субъектілері болып негізінен мемлекеттік қызметкерлер немесе оған теңестірілген лауазымды тұлғалар болып табылады. Олардың өз қызметтік міндеттеріне салғырт қарауы немесе қызметтік өкілеттіктерін асыра не болмаса теріс пайдаланулары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтары мен адамдары өз мәселелерін заңсыз шешу мақсатында жоғарыда аталған тұлғаларға материалдық игіліктерді ұсынуы сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының мақсаты қоғамға сыбайлас жемқорлықты жою, халыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру дамыту, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын- алу, олардың жолын кесуге және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау принциптерін айқындап,сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

***М.СУГУРШАЕВ,***
***Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.***

# Қоғам дертімен бірге күресейік!

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де оравсан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

***Айнұр УТЕБАЕВА,***
***Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.***

# Жарамсыз деп танылсын

**Айнадин Рыскелді Сембекұлының** иелігіндегі «Lada 21703» маркілі автокөлігінің «KZ 497 WEZ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

**Шубаев Елик Бердибаевичтің** иелігіндегі 1988 жылы шығарылған «Audi 80» маркілі автокөлігінің «KZ 358 XBZ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

# Орманды алқапты өрттен қорғайық

Жаздың аптапты шілдесі мен шіліңгір күндері көптеген жеке азаматтар болсын, ұжымдастар болсын ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның салдарынан таулы аймақта, орманды тау баурайларында, тіпті төменгі өзен салаларында орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке оранұы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап,ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

***М.ҚАЗАҚБАЕВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші қорықшысы.***

# Табиғатқа қамқоршы болайық

Күн сайын жұрттың бәріне қолжетімді әлеуметтік желілерде болсын, ресми ақпарат көздерінде болсын өртке қатысты жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиі-жиі ескертпелер таратылып, ауыл азаматтарымен жиындар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулер түсіндіріледі. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті. Аз күнде қатты ысыса өрттің шығуына мол мүмкіндік бар. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс ауқымды әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек.

***Д.ШЕШЕНҚАРАЕВ,***
***Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.***

# Медициналық қалдықтар адам денсаулығына несімен қауіпті?



Медициналық қалдықтар- емдеу-сауықтыру мекемелерінде пациенттерге медициналық қызметтер көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу процесінде пайда болатын қалдықтар.

Медициналық қалдықтар адам денсаулығына несімен қауіпті?

Медициналық мекемелерде түзілген қалдықтар ережеге сәйкес дұрыс жойылмаған болса, бұл сол мекеменің қызметкерлері арасында әртүрлі қауіпті аурулардың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін. Медициналық қалдықтардың қауіптілігі-оның құрамында көптеген ауру тудыратын микробтар,түрлі вирустар мен бактериялардың болуына байланысты. Пайдаланылған, залалсыздандырылмаған медициналық құралдар мен материалдармен жұмыс жасау кезінде персонал қағида талаптарын сақтамаса өткір, үшкір қалдықтардан адам жарақаттанып, денесін кесіп алуы мүмкін. Жарақат алған жерлер арқылы қанмен жұғатын В және С гепатиттері, АИТВ инфекциясы және т.б. қауіпті аурулардың қоздырғыштары тікелей қанға енуі мүмкін. Адам инфекцияны өзіне жұқтырғанымен қоймай, ауруды тарата отырып, айналасындағы адамдарға қауіп төндіреді. Сонымен қатар, медициналық қалдықтарда улы және радиоактивті заттар болуы мүмкін, олар топыраққа, ауаға және суға түсіп, қоршаған орта экологиясына кері әсерін тигізіп, үлкен зиян келтіреді.

Медициналық қалдықтардан келетін қауіптілікті ескере отырып, әрбір адам, өзінің және жақындарының денсаулығына көңіл бөліп, үй жағдайында ем алған кезде қолданылған ине-шприцтерді кез-келген жерге тастамай, өртеу жолымен жойып отырылулары керек.

Медициналық қалдықтар қауіпсіздік дәрежесі бойынша 5 сыныпқа (А, Б, В, Г, Д) бөлінеді:

1."А" сыныбындағы медициналық қалдықтар - коммуналдық-тұрмыстық қалдықтардан құрамы бойынша ерекшеленбейтін, қауіпті қасиеттері жоқ қалдықтар, оған қағаз, құрылыс материалдары,жихаздар тәрізді қалдықтар жатады.

2."Б" сыныбындағы медициналық қалдықтар-эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар). «Б» сыныбындағы медициналық қалдықтардың өзі 3 түрге бөлінеді: биологиялық/патанатомиялық қалдықтар (биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар мен құралдар, органдар, тіндер, яғни операциялық қалдықтар), өткір, үшкір қалдықтар (шприц, ине, система, ампула) өзге қалдықтар (қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар , мақта тампондары, бинттер, бетперде, медициналық қолғаптар және т.б.). «Б» сыныбындағы медициналық қалдықтар негізінен операциялық, реанимациялық және басқа манипуляциялық диагностикалық бөлімшелерде, егу, тану бөлмелерінде, патогендігі III-IV топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін микробиологиялық, клиникалық-диагностикалық зертханалардың, фармацевтикалық, иммундық-биологиялық өндірістерде түзіледі. Виварийлердің (ғылыми мақсатта және биологиялық сынамалар үшін зертханалық жануарларды ұстайтын және өсіретін бөлме) биологиялық қалдықтары. Пайдалануға жарамсыз тірі вакциналар да жатады.

3."В" сыныбындағы медициналық қалдықтар- төтенше эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар. Патогендігі I-II топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін зертханалардың, фармацевтикалық және иммундық-биологиялық өндірістердің қалдықтары. Анаэробты инфекциялы пациенттердің және туберкулезбен ауыратын науқастардың қалдықтары. Туберкулез қоздырғыштарымен жұмысты жүзеге асыратын микробиологиялық зертханалардың қалдықтары);

4."Г" сыныбындағы медициналық қалдықтар -токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (мерзімі өткен,пайдалануға жатпайтын дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары. Құрамында сынабы бар заттар (термометр, гигрометр), аспаптар мен жабдықтар (бактерицидті, люминисцентті шамдар). Фармацевтикалық өндірістердің шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары. Жабдықты, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдалану қалдықтары);

5."Д" сыныбындағы медициналық қалдықтар-радиоактивті медициналық қалдықтар (құрамында Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасымен белгіленген, радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәннен асатын мөлшерде және шоғырлануда радиоактивті заттар бар);

Қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын, су өткізбейтін қаптар, пакеттер, металл және пластик сыйымдылықтар, жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлер пайдаланылады. Қауіпті қалдықтарды жинауға арналған металл және пластик сыйымдылықтар, контейнерлер тығыз жабылады.

Медициналық қалдықтардың әрбір сыныбын жинау үшін қаптардың, пакеттердің, сыйымдылықтардың түсі әртүрлі болады:

1) "А" сыныбықалдықтары - қара;
2) "Б" сыныбы - сары;
3)"В"сыныбы-қызыл;
4)"Г"сыныбы-ақ.

Шанышпалы және үшкір заттар алдын ала бөлшектелмей және дезинфекцияланбай, тесілмейтін және суға төзімді жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлерге (ЖҚКЖК)-ға жиналады. «Б», «В» сыныбындағы медициналық қалдықтар бекітілген кестеге сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған келісім шарттар негізінде тасымалданып, жойылады.

"Б" сыныбының патологиялық-анатомиялық және органикалық операциялық медициналық қалдықтары (ағзалар, тіндер және тағы басқалар) кремациялануға (өртелуге) немесе зиратта арнайы бөлінген учаскеде көмілуге жатады.

"В" сыныбының медициналық қалдықтары денсаулық сақтау объектісінде физикалық немесе химиялық әдістермен міндетті залалсыздандыруға жатады.

"В" сыныбының залалсыздандырылмаған медициналық қалдықтарын ұйымның аумағынан тыс жерлерге шығаруға жол берілмейді. Сұйық биологиялық медициналық қалдықтар химиялық әдістермен залалсыздандырылғаннан (дезинфекциялаудан) кейін су бұру жүйесіне төгіледі.

***Хасен ОСПАНОВ,***
***аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы.***

# Балғын балуандарымыз белбеу күресінен чемпион болды



Таяуда аудандық БЖСМ-нің директоры Байғараев Айтөре ағайымыз редакциямызға хабарласып, өзі басшылық ететін спорт мектебінің түлектері белбеу күресінен чемпион болып келгендерін айтты. Айтып қана қоймады, спорт мектебіне келіп, сол балаларды марапаттау рәсіміне қатысуымызды да сұрады. Бала кезімізде күреске баулыған жаттықтырушымыз болған Айтөре ағайымыздың өтінішіне жоқ дей алмас едім. Сөйтіп, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін бетке жүріп кеттім. Барсам, спорт мектебінің директоры да, балалар мен жаттықтырушылары да сақадай-сай мені күтіп отыр екен. Бәрімізідің басымыз қосылған соң Айтөре ағай:-Құрметті жиылған қауым! Үстіміздегі шілде айының 13-16 күндері Астана қаласында 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында Белбеу күресінен ҚР-ның біріншілігі болып өтті. Аталмыш жарысқа ауданымыздан екі бірдей балғын балуандарымыз барып қатысып, жүлделі орындар иеленіп келді. Атап айтар болсақ 42 кг кг салмақ дәрежесінде күрскен Рақыш Роман жүлделі III келі иеленді. Ал, 1973 келі салмақ дәрежесінде күрескен Рахыш Роман жүлделі орынды күресінен ҚР-ның чемпионы атанды. Сол себепті мектебіміздің жас түлектері, балғын балуандарымызды марапаттап қоюға рұқсат беріңіздер!»-деді. Марапаттау рәсімінен соң сонау Астана төрінен жүлдемен оралған жасөспірімдерімізбен мен жаттықтырушыларының естелік суреттерге түсу рәсімі болды. Біз де аудандық «Созақ үні» газеті ұжымының және оқырмандарымыздың атынан Белбеу күресінен ҚР-ның су жаңа жеңімпаздарын жеңістерімен құттықтап, алдағы алар асуларың көп болсін деп, тілек айтып қайттық! Ә, айтқандай чемпион балуандарымыздың жаттықтырушылары: Байғараев Айтөре ағай мен Арысбаев Сәбит бауырымызға да: «Еңбектеріңіз жансын, балғын балуандарыңыз бұдан да биік белестерді бағындыра берсін!»-дейміз!

***Данияр ҚОЖАНТЕГІ.***

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы:
Мақсат Қарғабай
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3600 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай.